



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ
СТАНДАРТТАРЫ

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ



АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ

СТАНДАРТТАРЫ

Нұр-Сұлтан, 2020

ӘОЖ 378 (083.7)
ББК 74.58
С 77

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Жоғары білім беру бойынша Сарапшылық Кеңесімен ұсынылған

С 77 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттары – Нұр-Сұлтан: «Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі», 2020. – 25 б.

ISBN 978-601-7281-11-3

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттары ESG (2015) сәйкес әзірленген. Стандарттар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары статусына, ұйымдық-құқықтық нысанына, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан институционалдық аккредиттеу процедурасына дайындауға және жүргізуге қойылатын талаптарды айқындайды.

ӘОЖ 378 (083.7)
ББК 74.58

© Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

ISBN 978-601-7281-11-3

АЛҒЫСӨЗ

1. «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесімен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ.**

2 «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ Бас директорының 2020 жылғы 16 маусымдағы № 57-20-ОД бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3. Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңының нормалары іске асырылған.

4 АЛТЫНШЫ БАСЫЛЫМ

Осы стандарттарды «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» Коммерциялық емес мекемесінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1 Қолданылу саласы.....	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Терминдер мен анықтамалар	5
4. Белгілер мен қысқартулар	8
5. Институционалдық аккредиттеуді жүргізу процедурасы.....	9
6 Кейінгі процедуралар	11
7 Стандарттар	12
Стандарт 1. Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету	12
Стандарт 2. Басшылық және менеджмент	13
Стандарт 3. Ақпаратты басқару және есептілік.....	14
Стандарт 4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту	15
Стандарт 5. Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау.....	16
Стандарт 6. Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау.....	17
Стандарт 7. Білім алушылар	18
Стандарт 8. Профессорлық-оқытушы құрамы	19
Стандарт 9. Ғылыми-зерттеу жұмысы.....	20
Стандарт 10. Қаржы	20
Стандарт 11. Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері.....	21
Стандарт 12. Қоғамды ақпараттандыру.....	23
8. Өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі.....	24
Библиография	24

ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ

Негізгі ережелер

1. Қолданылу саласы

1.1 Осы стандарттар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, ESG (2015) еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен басшылыққа сәйкес әзірленген және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына, ЖОО-ны институционалдық аккредиттеуді жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Осы стандарттар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын статусына, ұйымдық-құқықтық нысанына, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан институционалдық аккредиттеуді жүргізу үшін қолданылады.

1.3. Осы стандарттар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен ішкі өзін-өзі бағалау және тиесілі нормативтік құжаттаманы әзірлеу үшін қолдана алады.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы стандарттарда мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

2.1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

2.2 Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II Заңы.

2.3 Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI Заңы.

2.4 Қазақстан Республикасының «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңы.

2.5 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 наурыздағы «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2.6 «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 629 бұйрығы.

2.7 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

2.8 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

2.9 Еуропалық жоғары білім кеңістігінде (ESG) сапаны қамтамасыз ету үшін стандарттар мен нұсқаулықтар (2015 жылғы 14-15 мамырда Ереван Білім министрлерінің конференциясында бекітілген).

2.10 ECTS (кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесін) пайдалану жөніндегі нұсқаулық (2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген).

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы стандарттарда 2-тармақта көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша ретінде мынадай анықтамалар белгіленген:

3.1 Академиялық ұтқырлық - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өзінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына немесе басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.

3.2 Институционалдық аккредиттеу: аккредиттеу органының білім беру ұйымының сапасын мәлімделген статуска және аккредиттеу органының белгіленген стандарттарына сәйкестігін бағалау процесі.

3.3 Талдау: аккредиттеу объектісінің жекелеген бөліктерін бөлумен және/немесе зерделеумен сипатталатын зерттеу әдісі, білім беру қызметтерінің сапасын бағалау үшін деректерді анықтау, жинау процесі.

3.4 Сыртқы сараптау комиссиясының сапары (Visit of the external expert group): жоғары оқу орнының өзін-өзі бағалауы бойынша бұрын

ұсынылған есеппен шынайылықтың сәйкестігін тексеруді көздейтін тұтас аккредиттеу процесінің жалпы қабылданған құрауышы, көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасы мен тиімділігін бағалау, стейкхолдерлермен әңгімелесу және сауалнама жүргізу, сондай-ақ сапаны арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

3.5 Еуропалық жоғарғы білімнің кеңістігі үшін біліктілікті түгел қамтитын құрылымы (Framework of Qualifications for the European Higher Education Area): жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің үш деңгейін қамтитын біліктілік құрылымы: бакалавриат, магистратура және докторантура, білім беру нәтижелері мен құзыреттер негізінде әрбір деңгей үшін Дублин дескрипторлары, сондай-ақ бірінші және екінші деңгейлерге арналған кредиттер ауқымы.

3.6 Қашықтықтан білім беру технологиясы: білім алушы мен педагогтің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту

3.7 Кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесі (European Credit Transfer and Accumulation System; ECTS): білім беру бағдарламаларын жоспарлаудың, сипаттаудың, оқыту нәтижелерін белгілеудің және танудың, сондай-ақ пәндердің еңбек сыйымдылығын оның барлық компоненттеріне айқындау жолымен жеке білім беру траекториясы бойынша студенттің ілгерілеу серпінін мониторингтеудің студентке бағдарланған тәсілі.

3.8 Білім беру бағдарламасының сапасы: білім алушылар мен түлектердің құзыреттілік деңгейінің кәсіптік стандарттардың талаптарына және білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым белгілеген қосымша талаптарға сәйкестігі.

3.9 Кредиттік оқыту технологиясы: академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді оқу кезектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.

3.10 Білім беру бағдарламасы: оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

3.11 Білім беру мониторингі: білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау;

3.12 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орны.

3.13 Бағалау: білім беру қызметтерінің жоспарланған нәтижелеріне, шешімдер қабылдау үшін бағдарламаның білім беру мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін анықтау және сапаны одан әрі арттыру бағытын анықтау әдісі. Талдау барысында жиналған деректер мен дәлелдемелерді түсіндіру.

3.14 Өзін-өзі бағалау есебі: өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша жоғарғы оқу орны әзірлейтін және аккредиттелетін органның қарауы және шешім қабылдауы үшін ұсынылатын құжат.

3.15 Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат: ұжымдық талқылау негізінде айқындалған және жоғары оқу орнының басшылығы бекіткен сапаны қамтамасыз ету бойынша дамудың негізгі басымдықтары мен құндылық бағдарларын сипаттайтын негізгі бағыттар.

3.16 Дипломға қосымша: жоғарғы білім туралы ресми құжатқа қосымша ұсынылатын білім беру біліктілігін иеленуші өткен және аяқтаған оқытудың сипатын, деңгейін, мәнмәтінін, мазмұны мен мәртебесін сипаттайтын жалпы еуропалық стандартталған құжат.

3.17 Біліктілікті тағайындау: жеке қабілеттерін, кәсіптік қызметтің тиісті түрі шеңберіндегі жұмысты орындауға қажетті кәсіби білімдерін, шеберліктер мен дағдылардың жиынтығын растау процедурасы.

3.18 Даярлық бейіні: білім берудің жоғары деңгейі бағытының ерекшелігін ашатын білім беру бағдарламасының маңызды сипаттамасы.

3.19 Қайта аккредиттеу: аккредиттеу туралы статустың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бұрын институционалдық аккредиттеу туралы куәлік берген аккредиттеу органының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын аккредиттеуі.

3.20 Оқу нәтижелері: білім алушының білім беру бағдарламаларын және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастарды меңгергендігін көрсететін алған білімі, білігі, дағдылары көлемін дәлелді бағалау.

3.21 Нәтижелілік: жоспарланған қызметті іске асыру және жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесі.

3.22 Өзін-өзі бағалау: институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен критерийлері негізінде жоғарғы оқу орнын дербес бағалау процедурасы.

3.23 Сапа жүйесі: белгіленген қағидалар мен қабылданған әдістемелерге сәйкес сапа менеджментінің белгілі бір функцияларын орындайтын және білім беру бағдарламасының барлық түлектерінің кәсіби стандарттарға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін ұйымдардағы процедуралардың, бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың жиынтығы.

3.24 Стейкхолдер (stakeholder): белгілі бір салада шешім қабылдауға мүдделі және/немесе қатысатын жеке тұлға, адамдар тобы немесе ұйым.

3.25 Жоғары білім беру стратегиясы: қызметінің құрылымына, мазмұнына, құралдары мен нысанына, ішкі және сыртқы өзара іс-әрекет жүйесіне қатысты жоғары білім беруді дамытудың ұзақ мерзімді сапалы анықталған бағыты.

3.26 Білім берудегі студентке бағдарланған тәсіл: жоғары білім берудегі Болон реформаларының негізін қалаушы қағидаты, ол білім беру процесіндегі акценттерді оқытудан (білімді «таратудағы» профессорлық-оқытушылық құрамның негізгі рөлі ретінде) оқуға (студенттің белсенді білім беру қызметі ретінде) ауыстыруды көздейді.

3.27 Оқу бағдарламасы: әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама

3.28 Оқу жоспары: тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат

3.29 Сараптамалық бағалау: кейіннен шешім қабылдау мақсатында мамандар пікірінің қаралатын проблемасын талдау негізінде бағалауды алу процедурасы.

3.30 Тиімділік: Қол жеткізілген нәтиже мен пайдаланылған ресурстар арасындағы арақатынас.

4. Белгілеулер мен қысқартулар

Осы стандарттарда 2-тармақта көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес қысқартулар қолданылады. Оларға қосымша мынадай белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

АРТА – «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ

АРТА АК – «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ Аккредиттеу кеңесі

ЖОО – Жоғары оқу орны

ССК – «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ сыртқы сараптау комиссиясы

ENIC/NARIC – Академиялық тану және ұтқырлық/ Ұлттық академиялық тану ақпараттық орталықтары жөніндегі ұлттық ақпараттық орталықтардың еуропалық желісі

ҒЗЖ – Ғылыми-зерттеу жұмысы

ҰБЖ – Ұлттық біліктілік жүйесі

БҰ – Білім беру ұйымы

БББ – Білім беру бағдарламасы

ПОҚ – Профессорлық-оқытушы құрамы

ESG – Жоғары білімнің Еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету бойынша ESG стандарттары мен ұсыныстары.

5. Институционалдық аккредиттеу жүргізу процедурасы

5.1 Білім беру ұйымының құқық белгілейтін және рұқсат беру құжаттарының көшірмелерін қоса бере отырып, институционалдық аккредиттеуді жүргізуге өтінім беруі.

5.2 АРТА-ның білім беру ұйымының өтінімін қарауы.

5.3 Білім беру ұйымын институционалдық аккредиттеу процедурасын бастау туралы АРТА шешімін қабылдау. АРТА мен білім беру ұйымы арасында институционалдық аккредиттеуді жүргізу туралы келісімшарт жасасу.

5.4 АРТА білім беру ұйымының сұрау салуы бойынша білім беру ұйымының жұмыс тобы үшін стандарттардың критерийлеріне және институционалды аккредиттеудің нұсқаулығына сәйкес өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті дайындау бойынша семинар-тренинг ұйымдастырады. Аталған семинар-тренинг ерікті процедура болып табылады.

5.5 Білім беру ұйымының АРТА белгіленген талаптарға сәйкес өзін-өзі бағалауды жүргізуі. Білім беру ұйымының бірінші басшысының қолы қойылған қорытынды есепті (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) электрондық нұсқада және қағаз жеткізгіште 1 (бір) данада АРТА жолдайды.

5.6 Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау есебіне АРТА-ның талдау жүргізуі. Өзін-өзі бағалау бойынша есепті талдау нәтижелері негізінде АРТА мына шешімдердің бірін қабылдайды:

– «өзін-өзі бағалау бойынша есеп материалдарын пысықтау қажеттілігі туралы ұсынымдар әзірлеу»;

– «сыртқы сараптамалық бағалау жүргізу»;

– «өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің осы стандарттардың критерийлеріне сәйкес келмеуіне байланысты институционалдық аккредиттеу процедурасын жүргізудің мүмкін еместігіне байланысты аккредиттеу мерзімін ауыстыру».

5.7 АРТА аккредиттеуді жалғастырған жағдайда білім беру ұйымына бағалау өткізу үшін АРТА бас директоры бекітетін ССК қалыптастырады. Сыртқы бағалау көлеміне қарай комиссияның сандық құрамы қалыптастырылады. Оның құрамына академиялық қоғамдастықтың, Қазақстанның мүдделі тараптарының өкілдері, жұмыс берушілерді, білім алушыларды қоса алғанда, шетелдік сарапшылар кіреді.

5.8 Аккредиттеуді жалғастырған жағдайда АРТА білім беру ұйымымен институционалдық аккредиттеуді өткізу мерзімдері мен ССК сапарының бағдарламасын келіседі.

5.9 ССК сапарының ұзақтығы әдетте 3-5 күнді құрайды. Сапар барысында білім беру ұйымы Қызмет көрсету туралы келісімшартқа сәйкес ССК жұмысы үшін жағдай жасайды:

– ССК әрбір мүшесі үшін жұмыс орнын қамтамасыз ете отырып, ССК жұмысына арналған кабинетті ұсынады;

– комиссия мүшелерінің әрқайсысына өзін-өзі бағалау есебінің электронды және қағаз нұсқасын ұсынады;

– АРТА өкілімен келісе, ССК мүшелерінің санына сәкес қажетті заманауи электрондық кеңсе техникасын ұсынады;

– ССК сапарының бағдарламасына сәйкес инфрақұрылым мен ресурстарды көзбен шолып қарауды, кездесулерді, сауалнамаларды, сұхбаттарды және ССК жұмысының басқа да түрлерін ұйымдастырады;

– сұратылып отырған ақпаратты ұсынады;

– ССК жұмысының фототүсірілімін ұйымдастырады.

5.10 Сапар аяқталғаннан кейін ССК білім беру ұйымын сыртқы бағалау жөніндегі есебін дайындайды.

5.11. Есеп ССК сапарының сипаттамасын, білім беру ұйымдарының АРТА стандарттарына сәйкестігін бағалауды, білім беру ұйымының сапасын жақсарту бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ АҚ ұсыныстарын қамтиды. АҚ ұсыныстары шешім қабылдауға арналған ұсынымды (аккредиттеу/аккредиттеуден өткізбеу) және білім беру ұйымының аккредиттеудің ұсынылатын мерзімін қамтиды.

5.12 Ұсыныстарды қоса алғанда, ССК есебін ССК мүшелері алқалы түрде қалыптастырады. ССК мүшелерінің бірінде ССК мүшелерінің көпшілігімен сәйкес келмейтін өзге шешім қалыптасқан жағдайда, бұл есеп мәтінінде тіркеледі.

5.13 Сыртқы сараптау комиссиясының білім беру ұйымын бағалау жөніндегі есебі мен білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебі АҚ институционалдық аккредиттеу туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

5.14 Төраға ССК сапарының қорытындысы бойынша сыртқы сараптау комиссиясы сапарының қорытындысы бойынша АҚ алдында сөз сөйлейді. Объективті себеп болған жағдайда АРТА-ның бас директоры АҚ отырысына баяндамамен қатысу үшін ССК мүшесін тағайындайды. ССК төрағасын ауыстыру АРТА-ның бас директорының бұйрығымен рәсімделеді.

5.15 АРТА АҚ айрықша құзыретіне білім беру ұйымын аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімдер қабылдау кіреді. АҚ құрамы Аккредиттеу кеңесі туралы ережеге сәйкес айқындалады. Отырыс кворум болған жағдайда өткізіледі. АҚ ССК ұсынымдарына сәйкес келмейтін шешімді қабылдауға құқылы.

Аккредиттеу кеңесі мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- «аккредиттелсін»:

– 1 (бір) жыл мерзімге – критерийлерге тұтастай сәйкес келген кезде, бірақ жақсарту үшін елеулі кемшіліктер мен мүмкіндіктер болған кезде;

– 3 (үш) жыл мерзімге - тұтастай алғанда оң нәтижелер кезінде, бірақ жекелеген елеусіз кемшіліктер және жақсарту үшін мүмкіндіктер болған кезде;

– 5 (бес) жыл мерзімге – жалпы оң нәтижелер болған жағдайда;

– 7 (жеті) жыл мерзімге – екінші рет аккредиттеу (қайта аккредиттеу) кезінде, тұтастай алғанда оң нәтижелер және АРТА-да бұрын 5 жыл мерзімге аккредиттелген білім беру ұйымын аккредиттеуден кейінгі мониторингінен табысты өткен кезде.

- «аккредиттеуден өткізбеу».

5.16 АК оң шешім қабылдаған жағдайда білім беру ұйымына АРТА-ның бас директоры қол қойған білім беру ұйымын институционалды аккредиттеу туралы шешім мен куәліктің нәтижелері бар ресми хатты АРТА жолдайды. Бұдан әрі білім беру ұйымын аккредиттеу туралы шешім Аккредиттелген білім беру ұйымдарының тізіліміне (Тізілім 2) енгізу үшін ҚР БҒМ жіберіледі және АРТА веб-сайтында орналастырылады. Сондай-ақ, веб-сайтта ССК есебі орналастырылады.

Аккредиттеу туралы куәлікті алғаннан кейін білім беру ұйымы өз сайтында өзін-өзі бағалау есебін жариялайды. Білім беру ұйымдары АРТА-мен жасалған келісімшартқа сәйкес өзін-өзі бағалау есебінде көрсетілген құпия ақпаратты орналастырмауға құқылы.

5.17 АК теріс шешім қабылдаған кезде АРТА білім беру ұйымына шешімнің негіздемесі бар хатты жолдайды.

5.18. Білім беру ұйымы Қызмет көрсету туралы келісімшартқа және Апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі комиссия туралы ережеге сәйкес АК шешіміне апелляцияны АРТА-ға жолдай алады. ССК мен АРТА өкілдерінің құзыреттілігіне күмән келтірілген немесе ССК мүшелері жіберген өрескел бұзушылық болған жағдайда, білім беру ұйымы шағымды АРТА-ға жолдай алады.

5.19 Егер білім беру ұйымы институционалды аккредиттеуден (АРТА-да қайта аккредиттеуден) өту туралы шешім қабылдаған жағдайда, Білім беру ұйымдарын және (немесе) білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден кейінгі мониторингтеу процедурасы жөніндегі ережелерге сәйкес білім беру ұйымы аккредиттеуден кейінгі мониторингтеу процедурасынан сәтті өткен жағдайда білім беру ұйымы аккредиттеу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын қайта аккредиттеуден өтуге өтініш беруі тиіс.

5.20 Білім беру ұйымы институционалдық аккредиттеуден бас тартқаннан немесе оны институционалдық аккредиттеуден айырғаннан кейін кемінде 1 (бір) жыл өткен соң өтініш беруге құқылы.

6. Кейінгі процедуралар

6.1 НААР АК оң шешім қабылдаған жағдайда білім беру ұйымы АРТА-ға сыртқы сараптау комиссиясының ұсынымдары аясында бірінші басшының қолы қойылған және мөрмен куәландырылған Сапаны жақсарту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі-Жоспар) ұсынады, сондай-ақ АРТА-мен қызмет көрсету туралы келісімшарт жасасады. Келісімшарт пен жоспар аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу үшін негіз болып табылады.

6.2 Білім беру ұйымдарын және (немесе) білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден кейінгі мониторингінің процедурасы жөніндегі ережеге сәйкес институционалды аккредиттеуден өткен білім беру ұйымдары Жоспарға сәйкес аралық есептерді дайындауы тиіс. Аралық есептер аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізудің болжамды күніне дейін АРТА-ға жіберіледі.

6.3. Білім беру ұйымын аккредиттеуден кейінгі мониторингі Білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беру бағдарламаларының аккредиттеуден кейінгі мониторингі рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес жүргізіледі.

6.4. Жоғары оқу орны аккредиттеуден кейінгі мониторингті жүргізу бойынша АРТА ұсынған жоспар мен талаптарды орындамаған, сондай-ақ жоғары оқу орнында жүргізілетін өзгерістер туралы хабардар ету болмаған жағдайда, АҚ мынадай шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:

– «білім беру ұйымы бойынша аккредиттеу статусын қолдану уақытша тоқтатылсын»;

– «білім беру ұйымын аккредиттеу туралы куәлікті Тізілім 2 тізімінен алып тастау жолымен кері қайтарып алу, бұрын қол жеткізілген барлық аккредиттеу нәтижелерінің күшін жоюға әкеп соғуы мүмкін».

6.5 Білім беру ұйымы аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу бойынша АРТА-мен келісімшарт жасасудан бас тартқан жағдайда, АС аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын кері қайтарып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Стандарттар

Стандарт 1. Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету

1.1 Жалпы ережелер

Жоғары оқу орны білім беру қызметтері нарығындағы жоғарғы оқу орнының (халықаралық, ұлттық, өңірлік) орнын көрсететін пайымы, миссиясы негізінде әзірленген сапаны қамтамасыз етудің жарияланған саясаты болуы тиіс.

Жоғарғы оқу орнының пайымы, миссиясы және Даму стратегиясы мемлекеттің, қоғамның, экономика салаларының, әлеуетті жұмыс берушілердің, білім алушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі саясатты дәйекті түрде жүзеге асыруды көздеуі тиіс.

1.2 Бағалау критерийлері

1.2.1 Жоғары оқу орны түрлі стейкхолдерлерді кеңінен тарта отырып, сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде бірегей миссияны, пайымы және стратегияны әзірлеуін көрсетуі тиіс.

1.2.2 Жоғары оқу орны мемлекеттің, қоғамның, нақты экономика салаларының, әлеуетті жұмыс берушілердің, білім алушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған миссияның, пайымының және стратегияның бағыттылығын көрсетуі тиіс.

1.2.3 Жоғары оқу орны миссиясын, пайымын, стратегиясы мен сапаны қамтамасыз ету саясатын қалыптастыру, мониторингтеу және тұрақты қайта карау процестерінің ашықтығын көрсетуі тиіс.

1.2.4 Жоғары оқу орнында жарияланған сапаны қамтамасыз етудің саясаты, миссиясы мен стратегиясы болуы тиіс.

1.2.5 Жоғары оқу орны сапаны қамтамасыз ету саясатын нақтылайтын қызмет пен процестердің (жоспарлар, бағдарламалар, ережелер және т.б.) жекелеме салалары бойынша құжаттарды әзірлейді.

1.2.6 Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, сабақ беру мен оқыту арасындағы байланысты көрсетуі тиіс.

1.2.7 Жоғары оқу орны сапаны қамтамасыз ету мәдениетін дамытуын көрсетуі тиіс.

Стандарт 2. Басшылық және менеджмент

2.1 Жалпы ережелер

Жоғары оқу орнының басшылығы стратегиялық құжаттарды іске асыруда, мониторингте және өзектендіруде менеджменттің жүйелілігін көрсетуі және жоғары оқу орнын басқару жүйесінің пайымын, миссиясын және Стратегиясын іске асыруға бағытталғанын көрсетуі тиіс.

2.2 Бағалау критерийлері

2.2.1 ЖОО басқару процесін, оның ішінде Стратегияға сәйкес жоспарлау мен бөлу ресурстарын жүзеге асырады.

2.2.2 ЖОО сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің табысты жұмыс істеуін және жақсаруын көрсетуі тиіс.

2.2.3 ЖОО тәуекелдерді басқаруды талдауды көрсетуі тиіс.

2.2.4 ЖОО өзгерістердің тиімділігіне талдау жүргізуін көрсетуі тиіс.

2.2.5 ЖОО анықталған сәйкессіздіктерді талдауды, әзірленген түзететін және алдын-алу әрекеттерді іске асыру талдауын көрсетуі тиіс.

2.2.6 Жоғары оқу орны олардың тиімділігін қоса алғанда, білім беру бағдарламаларын басқару арқылы білім беру процесін басқаруды қамтамасыз етуді көрсетуі тиіс.

2.2.7 ЖОО қызметтің, оның ішінде Стратегия негізіндегі ПОҚ жыл сайынғы жоспарларын әзірлеуді көрсетуі тиіс.

2.2.8 Сапаны қамтамасыз етуге бейілділік мердігерлер мен серіктестер (аутсорсинг) орындайтын, оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беру мен академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру кезіндегі кез келген қызметке қатысты болуы тиіс.

2.2.9 ЖОО басқару жүйесінің ашықтығының дәлелін ұсынуы тиіс.

2.2.10 ЖОО басқарудың алқалы органдарының жұмысындағы білім алушылардың және ПОҚ қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

2.2.11 ЖОО білім алушылар, ПОҚ, ата-аналар және басқа да мүдделі тұлғалар үшін басшылар мен әкімшіліктің ашықтығы мен қол жетімділігінің дәлелдерін көрсетуі тиіс.

2.2.12 ЖОО инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс.

2.2.13 ЖОО халықаралық, ұлттық және өңірлік кәсіби альянстарға, қауымдастықтарға және т. б. қатысуға ұмтылуы тиіс.

2.2.14 ЖОО - жоғарғы оқу орнының басшылығын, құрылымдық бөлімшелерін және менеджменті бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламаларын оқытуды қамтамасыз етуі тиіс.

2.2.15 ЖОО сыртқы сапаны қамтамасыз етудің соңғы процедурасынан бастап қол жеткізілген прогресті келесі процедураға дайындық кезінде назарға алуға ұмтылуы тиіс.

Стандарт 3. Ақпаратты басқару және есептілік

3.1 Жалпы ережелер

Жоғары оқу орны білім беру бағдарламаларын, қызметтің басқа да бағыттарын тиімді басқару үшін сыртқы және ішкі статистикалық және талдамалық деректер мен фактілерді жинау және талдау жүйесінің жұмыс істеуін көрсетуі тиіс.

3.2 Бағалау критерийлері

3.2.1. Жоғары оқу орны заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

3.2.2 Жоғары оқу орны білім беру бағдарламаларын тиімді басқару, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты пайдалануды көрсетуі тиіс.

3.2.3 Жоғары оқу орнында бөлімшелердің, БББ, ғылыми зерттеулер қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін және олардың өзара іс-қимылын бағалауды қамтитын ұйымдық құрылымның барлық деңгейлерінде тұрақты есептілік жүйесі болуы тиіс

3.2.4 Жоғары оқу орны БББ басқаруды, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін, ғылыми жобаларды іске асыруды бағалаудың мерзімділігін, нысандары мен әдістерін белгілеуі тиіс.

3.2.5 Жоғары оқу орны ақпаратты қорғау тәртібін айқындауды және қамтамасыз етуді, оның ішінде ақпаратты талдаудың және деректерді ұсынудың дұрыстығы мен уақтылығына жауапты адамдарды айқындауды көрсетуі тиіс.

3.2.6 Білім алушыларды, қызметкерлерді және ПОҚ ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ солардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне тарту маңызды фактор болып табылады.

3.2.7 Жоғары оқу орны білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен коммуникация тетігінің болуын, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерінің болуын көрсетуі тиіс.

3.2.8 Жоғары оқу орны ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған кемшіліктерді жою дәлелдерін көрсетуі тиіс.

3.2.9 Жоғары оқу орны оның қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін, оның ішінде БББ бөлінісінде бағалауы тиіс.

3.2.10 ЖОО жинайтын және талдайтын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:

- тиімділіктің негізгі көрсеткіштері;
- нысандар мен түрлер бөлінісінде білім алушылар контингентінің динамикасы;
- білім алушылардың үлгерімі, жетістіктері және оқудан шығуы;
- білім алушылардың БББ іске асыруына және жоғарғы оқу орнындағы оқыту сапасына қанағаттануы;
- білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қол жетімділігі;
- түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі.

3.2.11 Білім алушылар, ПОҚ және басқа да ішкі стейкхолдерлер өздерінің дербес деректерді өңдеу келісімін құжатпен растауы тиіс.

3.2.12 ЖОО тиісті ғылым салаласы байынша барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуі тиіс.

Стандарт 4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту

4.1 Жалпы ережелер

Жоғары оқу орнында білім беру бағдарламасын әзірлеу мен бекітудің құжатталған процедурасы болуы тиіс. Білім берудің тиісті деңгейлеріндегі БББ іске асыру болашақ мамандардың негізгі құзыреттерін қалыптастыруға және еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. БББ білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, жеке білім беру траекториясын құру мүмкіндігін қарастырады.

4.2 Бағалау критерийлері

4.2.1 Жоғары оқу орны институционалдық деңгейде білім беру бағдарламасын әзірлеу мен бекітудің құжатталған процедурасының болуын көрсетуі тиіс.

4.2.2 Жоғары оқу орны әзірленген БББ белгіленген мақсаттарға, оның ішінде болжамды оқу нәтижелеріне сәйкестігін көрсетуі тиіс.

4.2.3 Жоғары оқу орны оқыту нәтижелері мен жеке қасиеттерін сипаттайтын БББ түлегінің әзірленген моделінің болуын көрсетуі тиіс.

4.2.4 Жоғары оқу орны БББ сыртқы сараптамалар жүргізуді көрсетуі тиіс.

4.2.5 БББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік ҰБЖ белгілі бір деңгейіне нақты айқындалуы, түсіндірілуі және сәйкес келуі тиіс.

4.2.6 Жоғары оқу орны оқыту нәтижелерін қалыптастыруға пәндер мен кәсіптік практикалардың әсерін айқындауы тиіс.

4.2.7 Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады.

4.2.8 Жоғары оқу орны білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдерлердің БББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс.

4.2.9 Жоғары оқу орны оқу пәндерінің мазмұнын және оқыту нәтижелерін білім беру деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.10 БББ құрылымында оқыту нәтижелеріне сәйкес келетін әр түрлі іс-әрекет түрлерін қарастырған жөн.

4.2.11 Шетелдік білім беру ұйымдарымен бірлескен БББ болуы маңызды фактор болып табылады.

Стандарт 5. Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау

5.1 Жалпы ережелер

Жоғары оқу орны БББ мақсаттарына қол жеткізуді, жоспарланған оқыту нәтижелерін толық қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламасына мониторинг және мерзімді бағалау жүргізуі тиіс. Мониторинг пен мерзімді бағалау нәтижелері БББ жетілдіруге ықпал етуі тиіс.

5.2 Бағалау критерийлері

5.2.1 Жоғары оқу орны БББ мақсаттарына қол жеткізу үшін мониторинг және мерзімді бағалаудың құжатталған процедурасының болуын көрсетуі тиіс. Аталған процедуралардың нәтижелері БББ үнемі жетілдіруге бағытталған.

5.2.2 ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, БББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.3 БББ мониторингтеу мен мерзімді бағалау:

– оқытылатын пәннің өзектілігін қамтамасыз ету үшін нақты пән бойынша ғылымның соңғы жетістіктері аясындағы бағдарламалардың мазмұнын;

– қоғам мен кәсіби орта қажеттіліктерінің өзгеруін;

– білім алушылардың жүктемесін, үлгерімі және аяқтауын;

– білім алушыларды бағалау процедураларының тиімділігін;

– білім алушылардың БББ бойынша оқудан күтетін жетістіктерін, қажеттіліктерін және қанағаттануын;

– білім беру ортасы және қолдау қызметтері, олардың БББ мақсаттарына сәйкестігін қарастыруы тиіс.

5.2.4 ЖОО білім алушылардың, жұмыс берушілердің және басқа да стейкхолдерлердің БББ қайта қарауға қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс.

5.2.5 Барлық мүдделі тұлғалар БББ қатысты кез келген жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы хабардар етілуі тиіс. БББ енгізілген барлық өзгерістер жариялануы тиіс.

5.2.6 Қолдау көрсету қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін анықтауды және қанағаттандыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Стандарт 6. Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау

6.1 Жалпы ережелер

Студентке бағытталған оқыту білім алушылардың оқу нәтижелеріне жетуінде маңызды рөл атқарады. Жоғағы оқу орны әрбір білім алушының БББ мақсаттарына қол жеткізуін бағалауға, оқытуға және студентке орталықтанған тәсілді енгізеді.

6.2 Бағалау критерийлері

6.2.1 ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет көрсету пен назар аударуды, оларға икемді оқу траекторияларын ұсынуды қамтамасыз етуі тиіс.

6.2.2 ЖОО оқыту мен білім берудің әртүрлі нысандары мен әдістерін пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

6.2.3 ЖОО оқытудың әртүрлі әдістемелерін пайдалану және оқыту нәтижелерін бағалау бойынша кері байланыс жүйесінің болуын көрсетуі тиіс.

6.2.4 Оқу пәндері бойынша сабақ беру әдістемесі саласында жеке зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады.

6.2.5 ЖОО бір мезгілде оқытушы тарапынан басшылық пен көмек көрсете отырып, білім алушылардың дербестігін қолдауды көрсетуі тиіс.

6.2.6 ЖОО білім алушылардың шағымдарына ден қою процедурасының болуын көрсетуі тиіс.

6.2.7 ЖОО апелляцияны қоса алғанда, оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің дәйектілігін, ашықтығын және объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс.

6.2.8 ЖОО білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау процедураларының жоспарланған оқу нәтижелері мен бағдарлама мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс. Бағалау критерийлері мен әдістері алдын-ала жариялануы тиіс.

6.2.9 ЖОО әрбір түлектің оқу нәтижелерін игеруін қамтамасыз ету тетіктері айқындалуы және олардың толық қалыптастырылуы қамтамасыз етілуі тиіс.

6.2.10 Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруі және осы салада үнемі біліктілігін арттыруы тиіс.

Стандарт 7. Білім алушылар

7.1. Жалпы ережелер

Жоғары оқу орнында қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттауды қоса алғанда, оқудың барлық кезеңдерін реттейтін жарияланған және дәйекті қолданылатын ережелер болуы тиіс. Жоғары оқу орны академиялық ұтқырлық, қосымша, формальды және бейресми оқыту аясында игерілген оқытудың, құзыреттіліктің алдыңғы нәтижелерін тану тәртібін айқындауы тиіс.

7.2 Бағалау критерийлері

7.2.1 ЖОО оқуға түсуден бастап оқуын аяқтағанға дейінгі білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және оның процедураларының ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылардың өмірлік циклын регламенттейтін процедуралар (оқуға түсуден бастап оқуын аяқтағанға дейін) айқындалуы, бекітілуі, жариялануы тиіс.

7.2.2 ЖОО оқуға жаңадан түскен және шетелдік білім алушылар үшін ғана арнайы бейімдеу және қолдау бағдарламаларын жүргізуді көздеуі тиіс.

7.2.3 ЖОО өзінің іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін, оның ішінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығы нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, формальды және бейресми оқыту нәтижелерін тану тетігінің болуын және қолданылуын көрсетуі тиіс.

7.2.4 ЖОО біліктілікті салыстырмалы тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа да білім беру ұйымдарымен және ENIC/NARIC ұлттық орталықтарымен ынтымақтасуы тиіс.

7.2.5 ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс.

7.2.6 Жоғарғы оқу орны білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуге, бітірушілерді жұмысқа орн «Академиялық тану және ұтқырлық бойынша ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісі/Ұлттық академиялық ақпараттық тану орталықтары» аластыруға жәрдемдесуге, олармен байланыс орнатуға барынша күш салуы тиіс.

7.2.7 ЖОО түлектерді қол жеткізген оқу нәтижелерін, сондай-ақ алынған білімнің мәнмәтінін, мазмұны мен статусын және оның аяқталғанын куәландыруын қоса алғанда, алынған біліктілікті растайтын құжаттармен қамтамасыз етуі тиіс.

7.2.8 ЖОО түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс.

7.2.9 ЖОО білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет) өздігінен білім алуға және дамуына белсенді ынталандыруы тиіс.

7.2.10 Жұмыс істеп тұрған түлектер қауымдастығының/бірлестігінің болуы маңызды фактор болып табылады.

7.2.11 Дарынды оқушыларды қолдау тетігінің болуы маңызды фактор болып табылады.

Стандарт 8. Профессорлық-оқытушы құрамы

8.1 Жалпы ережелер

Жоғарғы оқу орнында объективті және ашық кадр саясаты болуы, ПОҚ пен персоналдың кәсіби дамуы үшін қажетті жағдайлар жасауы тиіс. Жоғарғы оқу орны студентке бағытталған оқытуға көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін көрсетеді.

8.2 Бағалау критерийлері

8.2.1 ЖОО жалдау, қызметкерлердің кәсіби өсуі мен дамуын қамтитын, бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін объективті және ашық кадр саясаты болуы тиіс.

8.2.2 ЖОО қызметкерлерді жұмысқа қабылдаудың, лауазымға тағайындаудың, қызметі бойынша жоғарылатудың, жұмыстан босатудың нақты, ашық және объективті критерийлері болуы тиіс және оларды өз қызметінде ұстануы тиіс.

8.2.3 ЖОО ПОҚ кадрлық әлеуетінің жоғары оқу орнының даму стратегиясына және БББ ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс.

8.2.4 ЖОО студентке бағытталған білім беруге көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін көрсетуі тиіс.

8.2.5 ЖОО даму стратегиясын және басқа да стратегиялық құжаттарды іске асырудағы ПОҚ үлесін айқындауы тиіс.

8.2.6 Жоғарғы оқу орны ПОҚ, оның ішінде жастардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беруі тиіс.

8.2.7 ЖОО тиісті салалардың практиктерін оқытуға тартуы тиіс.

8.2.8 ЖОО оқытушылардың кәсіби және жеке даму уәждемесін, оның ішінде ғылыми қызмет пен білім беруді интеграциялауға үлес қосуды, сондай-ақ оқытудың инновациялық әдістерін қолдануды көтермелеуді көрсетуі тиіс.

8.2.9 ПОҚ білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді қолдануы маңызды фактор болып табылады (мысалы, on-line оқыту, e-портфолио, MOOCs және т.б.).

8.2.10 ЖОО іс-әрекетінің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға бағытталғанын көрсетуі тиіс.

8.2.11 Жоғарғы оқу орны қоғам өміріне ПОҚ тартылуын көрсете алады

(білім беру жүйесіндегі, ғылымды, өңірді дамытудағы, мәдени орта құрудағы, көрмелерге, шығармашылық конкурстарға, қайырымдылық бағдарламаларына қатысудағы және т.б. ПОҚ рөлі).

Стандарт 9. Ғылыми-зерттеу жұмысы

9.1 Жалпы ережелер

Жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу қызметі білім беру, ғылым және инновациялық даму саласындағы ұлттық басымдықтарға, жоғарғы оқу орнының миссиясы мен стратегиясына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.

9.2 Бағалау критерийлері

9.2.1 ЖОО ғылыми-зерттеу жұмысы басымдықтарының білім беру, ғылым және инновациялық даму саласындағы ұлттық саясатқа сәйкестігін көрсетуі тиіс.

9.2.2 Жоғарғы оқу орны ғылыми-зерттеу қызметінің жоғарғы оқу орнының миссиясы мен стратегиясына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

9.2.3 Жоғары оқу орны ҒЗЖ нәтижелілігін жоспарлауды және мониторингтеуді жүзеге асыруы тиіс.

9.2.4 ЖОО білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту процестерінің бар екендігін көрсетуі тиіс.

9.2.5 ЖОО әртүрлі ғылыми алаңдарда зерттеушілердің, ПОҚ пен білім алушылардың ғылыми ұстанымдарын ұсынуға, оның ішінде ғылыми нәтижелерді жариялауға жәрдемдесуі тиіс.

9.2.6 ЖОО ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізуге, оның ішінде консалтинг пен коммерцияландыруға жәрдемдесуі тиіс.

9.2.7 ЖОО ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін тануға, оның ішінде ғылыми жобаларды уәкілетті органдарда тіркеуге, патенттер мен авторлық куәліктерді ресімдеуге жәрдемдесуі тиіс.

9.2.8 Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу маңызды фактор болып табылады.

9.2.9 ЖОО ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландыру көздерін әртараптандыруға ұмтылуы тиіс.

9.2.10 ЖОО білім алушылардың, ПОҚ және басқа да ішкі стейкхолдерлердің ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру тетіктерін көздеуі тиіс.

Стандарт 10. Қаржы

10.1 Жалпы ережелер

Жоғары оқу орнында тұрақтылық, тиімділік, нәтижелілік, ашықтық және тексерілу қағидаттарына негізделген қаржылық саясат жүзеге асырылады.

Қаржылық тұрақтылықты бағалау қаржылық есептілікті талдау (бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығыстар туралы есеп), сондай-ақ бухгалтерлік есеп және қаржылық талдау қызметінің қызметкерлерімен, жоғарғы оқу орны бөлімшелерінің басшыларымен және мүдделі тұлғалармен сұхбат негізінде жүзеге асырылады.

10.2 Бағалау критерийлері

10.2.1 ЖОО тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, даму стратегиясымен келісілген даму сценарийлерін қалыптастыруы тиіс.

10.2.2 ЖОО өз бюджетінің операциялық және стратегиялық жоспарлауын көрсетуі тиіс.

10.2.3 Жоғарғы оқу орны қаржылық есептілікті қоса алғанда, қаржылық менеджменттің формалданған саясатының болуын көрсетуі тиіс.

10.2.4 Жоғарғы оқу орны ішкі аудит жүйесінің бар екендігін көрсетуі тиіс.

10.2.5 Жоғарғы оқу орны сыртқы тәуелсіз аудиттің өткізілуін көрсетуі тиіс.

10.2.6 Жоғарғы оқу орны жоғарғы оқу орнының әртүрлі қызмет түрлерін, оның ішінде жоғарғы оқу орны даму стратегиясын, БББ, ғылыми жобаларды дамытуды қаржылық қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бағалау тетігі болуы тиіс.

Стандарт 11. Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері

11.1 Жалпы ережелер

Жоғарғы оқу орны инфрақұрылымның қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келуіне кепілдік беруі және оқуда студентке бағдарланған тәсілдеменің іске асырылуын қамтамасыз етуі тиіс. Оқу ортасы материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды қоса алғанда жоғарғы оқу орнының миссиясы мен Стратегиясына сәйкес келеді.

11.2 Бағалау критерийлері

11.2.1 ЖОО білім беру ресурстарының, оның ішінде материалдық-техникалық және инфрақұрылымның жоғары оқу орнының стратегиялық мақсаттарына сәйкестігіне кепілдік беруі тиіс.

11.2.2 ЖОО ақпарат беру мен кеңес беруді қоса алғанда, білім алушылардың әртүрлі топтарына қолдау көрсету процедураларының болуын көрсетуі тиіс.

11.2.3 ЖОО ақпараттық ресурстардың стратегиялық мақсаттарға сәйкестігін көрсетуі тиіс:

– білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ технологиялық қолдау (мысалы, онлайн-оқыту, модельдеу, деректер базасы, деректерді талдау бағдарламалары);

– кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндеуші пәндер бойынша қағаз тасығышта және электрондық түрде оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры, мерзімді басылымдар, ғылыми дерекқорларға қолжетімділік;

– ҒЗЖ нәтижелерін, бітіру жұмыстарын, диссертацияларды плагиатқа сараптау;

– білім беретін Интернет-ресурстарға қол жетімділік;

– өз аумағында WI-FI жұмыс істеуі.

11.2.4 ЖОО білім беру, ғылыми және басқа да қызмет түрлері үшін жағдай жасауға ұмтылуы тиіс. Инфрақұрылымды тиісті дамыту білім алушылардың, оқытушылардың, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тұлғалардың инфрақұрылымға қанағаттануын мониторингтеу нәтижелеріне сүйене отырып жүргізілуге тиіс.

11.2.5 Жоғары оқу орны БББ игеру үшін пайдаланылатын оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдардың тиісті салаларда қолданылатындарға ұқсас түрлерімен қатамасыз етуге ұмтылуы тиіс.

11.2.6 ЖОО инфрақұрылымның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

11.2.7 ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар) қажеттіліктерін ескеруі тиіс.

11.2.8 ЖОО білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша ілгерілеуі үшін жағдай жасайды.

Стандарт 12. Қоғамды ақпараттандыру

12.1 Жалпы ережелер

Жоғары оқу орны жұртшылықты өзінің қызметі, БББ іске асырудың шарттары мен ерекшеліктері туралы хабардар етуді көрсетуі тиіс.

Жоғары оқу орны білім алушылардың, ПОҚ, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың айқындылығы, ашықтығы, тартылуы және хабардар болуы, олардың бастамашылығы, өзгертін жағдайларға тұрақты дамуы және өзгермелі жағдайларға бейімделуі принциптері негізінде жүзеге асырылатын өз қызметі туралы жұртшылықты хабардар етуі тиіс.

12.2 Бағалау критерийлері

12.2.1 Жоғары оқу орнымен жарияланатын ақпарат нақты, объективті, өзекті болуы және ЖОО қызметінің барлық бағыттарын көрсетуі тиіс.

12.2.2 ЖОО басшылығы қалың жұртшылықты және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін ақпаратты таратудың түрлі тәсілдерін (оның ішінде БАҚ, веб-ресурстар, ақпараттық желілер және т. б.) қолдануы тиіс.

12.2.3 Қоғамды ақпараттандыру елдің ұлттық даму бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуі тиіс.

12.2.4 ЖОО өз веб-ресурсында аудиттелген қаржылық есептілікті жариялауы тиіс.

12.2.5 ЖОО веб-ресурста жоғары оқу орнын тұтастай және БББ тұрғысынан сипаттайтын ақпаратты ұсынып, көрсетуі тиіс.

12.2.6 ПОҚ персоналдық тұрғысынан барабар және объективті ақпараттың болуы маңызды фактор болып табылады.

12.2.7 Серіктестермен, оның ішінде ғылыми/консалтингтік ұйымдармен, бизнес серіктестермен, әлеуметтік серіктестермен және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара іс-әрекет туралы қоғамды ақпараттандыру маңызды фактор болып табылады.

12.2.8 ЖОО сыртқы бағалау процедурасының нәтижелері бойынша ақпаратты және сыртқы ресурстарға сілтемелерді жариялауы тиіс.

8. Өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

8.1 Қолданыстағы аккредиттеу стандарттарына одан әрі жетілдіру мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

8.2 Стандарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді АРТА жүзеге асырады.

8.3 Қолданыстағы стандарттарға білім беру ұйымдары мен басқа да мүдделі органдар өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге бастамашылық еткен жағдайда, ұсыныстар мен ескертулер АРТА-ға жіберіледі.

8.4 АРТА белгіленген тәртіпте келіп түскен ұсыныстар мен ескертулердің негізділігі мен мақсаттылығына сараптама жүргізеді.

8.5 Қолданыстағы аккредиттеу стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар мақұлданғаннан кейін өзгерістермен бірге жаңа редакцияда АРТА бас директорының бұйрығымен бекітіледі.

Библиография

[1] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

[2] Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 Заңы.

[3] Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI Заңы.

[5] «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 629 бұйрығы.

[6] Quality Procedures in the European Higher Education Area and Beyond - Second ENQA Survey, ENQA, 2008, Helsinki.

[7] ECTS (Еуропалық несиелендірілу және жинақтау жүйесі) пайдалану бойынша нұсқаулық. - Еуропалық Одақтың Жарияланымдар кеңсесі, 2015 жыл, ISBN 978-92-79-43562-1 (2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген).

[8] Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG). (2015). Brussels, Belgium

[9] Инженерия, информатика, сәулет, жаратылыстану ғылымдары, математика саласындағы дәрежені бере отырып, білім беру бағдарламаларын аккредиттеудің жалпы критерийлері салалар бойынша бөлек немесе әртүрлі мамандықтардың комбинациясында, инженерия, Информатика/информатика, Жаратылыстану ғылымдары және математика саласындағы дәрежені бере отырып, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу агенттігі (ASIIN), Дюссельдорф (Германия), 2012 ж., 55 бет.

[10] Criteria for accrediting Engineering technology programs, ABET, 2012, Baltimore.

[11] Accrediting standards, ACEJMC, 2006.